

Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

ОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАР МЕН ПОЛИМЕРЛЕРДІ ӨНДЕУДІҢ
ХИМИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

Сағынғали Қ.Ж.

ҚОНДЫРҒЫ КАТАЛИЗАТОРЫН ТҮРЛЕНДІРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ
КАТАЛИТИКАЛЫҚ РИФОРМИНГ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

5B072100–«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру
бағдарламасы бойынша

Алматы 2019

**Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ**

**ОРГАНИКАЛЫҚ ЗАТТАР МЕН
ПОЛИМЕРЛЕРДІ ӨНДЕУДІҢ ХИМИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
_____ Г.Ж.Елигбаева

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

тақырыбы: «ҚОНДЫРҒЫ КАТАЛИЗАТОРЫН ТҮРЛЕНДІРУ
МАҚСАТЫНДАҒЫ КАТАЛИТИКАЛЫҚ РИФОРМИНГ
ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ»
ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

»

5B072100–«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру
бағдарламасы бойынша

Орындаған
Ғылыми жетекші,
лектор

Сағынғали Қ.Ж.

Нурсултанов М.Е.

Алматы 2019

РЕФЕРАТ

Жоба 59 бет., 1 сурет, 31 кесте, 30 әдеби деректерден тұрады.

КАТАЛИТИКАЛЫҚ РИФОРМИНГ, КАТАЛИЗАТОР, ОКТАН САНЫ, ТЕХНОЛОГИЯАЛЫҚ ЕСЕПТЕУЛЕР, ИЗОМЕРЛЕУ.

Зерттеу немесе зерттемелер нысаны: қолданылып жүрген АП-64 маркалы катализаторын өте жақсы изомерлеу, гидрлеу қасиетіне ие және селективтілігі жоғары R-56 маркалы катализаторына ауыстыру.

Жұмыстың мақсаты: дипломдық жобаның мақсаты қондырғының өнімділігін жоғарлатып, сонымен қатар, алынатын катализаттың октан санын жақсарту болып табылады.

Зерттеу жұмысының әдістері немесе әдістемесі: әдеби шолу мен есептеулер жасап соның негізінде жаңа катализатор таңдалынып, соған сәйкес өнімнің сапасы артырылды.

Зерттеу нәтижелері және олардың жаңалығы: Қондырғыны жобалау кезінде технологиялық есептеулермен қатар қондырғыны автоматтандыру жүйесі, жұмысшылардың тіршілік қауіпсіздігі мен еңбек қорғау бөлімі және ұсынылған жобаның тиімділігін дәлелдейтін техника-экономикалық көрсеткіштер есептелді.

РЕФЕРАТ

Проект содержит 59 стр, 1 рисунок, 31 таблиц и 30 источников.

КАТАЛИТИЧЕСКИЙ РИФОРМИНГ, КАТАЛИЗАТОР, ОКТАНОВОЕ ЧИСЛО, ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ РАСЧЕТЫ, ИЗОМЕРИЗАЦИЯ.

Объекты исследования или разработки: замена действующего катализатора марки АП-64 на катализатор марки R-56, обладающий отличными изомеризацией, гидризацией и высокой селективностью.

Цель работ: целью дипломного проекта является повышение производительности установки, а также улучшение октанового числа получаемого катализата.

Методы или методология проведения работ: на основе литературных обзоров и расчетов был выбран новый катализатор, в соответствии с которым повышено качество продукции.

Результаты работы и их новизна: При проектировании оборудования, наряду с технологическими расчетами, рассчитаны технико-экономические показатели, свидетельствующие об эффективности предлагаемого проекта и отдела безопасности и охраны труда персонала.

ABSTRACT

Project 59 p., 1 figure, 31 tables and 30 sources.

CATALYTIC REFORMING, CATALYST, OCTANE NUMBER, PROCESS CALCULATIONS, ISOMERIZATION.

Objects of research or development: replacing the current brand catalyst AP-64 catalyst brand of R-56, with excellent isomerization, Gidrosila and high selectivity.

The aim of the work: the aim of the diploma project is to improve the performance of the installation, as well as improving the octane number of the resulting catalysate.

Methods or methodology of work: based on the literature reviews and calculations, a new catalyst was chosen, according to which the quality of products was improved.

The results of the work and their novelty: In the design of equipment, along with technological calculations, calculated technical and economic indicators, indicating the effectiveness of the proposed project and the Department of safety and health of personnel.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Әдеби шолу.....	8
1.1 Риформинг процесінің даму тарихы.....	8
1.2 Каталитикалық риформинг қондырғыларының мақсаты және қысқаша сипаттамасы.....	9
1.3 Каталитикалық риформинг процесінің химизмі.....	11
1.4 Риформинг процесінің физика-химиялық негіздері.....	12
1.5 Процесс параметрлері.....	14
1.6 Каталитикалық риформинг катализаторлары.....	15
2 Технологиялық бөлім.....	17
2.1 Шикізат және каталитикалық риформинг өнімдері.....	17
2.2 Каталитикалық риформинг құрылымының технологиялық сызбасының сипаттамасы.....	18
2.3 Негізгі аппараттың конструкциялық ерекшеліктері.....	19
2.4 Өндіріс әдісін таңдау және оның құрылыс орнын негіздеу.....	20
2.5 Процестің материалдық тепе-теңдігі.....	22
2.6 Реактордың жылулық балансы.....	29
2.7 Реактордың негізгі өлшемдері.....	32
2.8 Ауа тоңазытқышты есептеу.....	36
2.9 Механикалық есептеу.....	37
3 Автоматтандыру бөлімі.....	40
3.1 Автоматты құралды талдау.....	40
3.2 Каталитикалық риформинг қондырғысының автоматтандырудың сипаттамасы.....	42
4 Қауіпсіздік және еңбек қорғау.....	43
4.1 Зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың сипаттамасы.....	43
4.2 Метеорологиялық жағдайлар.....	44
4.3 Қондырғының қауіптілік сипаттамалары.....	45
5 Қоршаған ортаны қорғау.....	46
5.1 Өндірістің негізгі ластандырғыштары.....	46
5.2 Риформинг қондырғысының зиянды заттарының сипаттамасы.....	47
6 Экономикалық бөлім.....	49
6.1 Өндіріс өнімділігін есептеу.....	49
6.2 Капиталды шығындарды есептеу.....	49
6.3 Негізгі өндірістік жұмысшылардың санын есептеу.....	50
6.4 Дайын өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы.....	53
6.5 Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерді есептеу.....	55
Қорытынды.....	57
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	58

КІРІСПЕ

Алғашқы Қазақстандық мұнай 1911 жылы Ембіде алынды. 60-шы жылдардағы Маңғыстау түбегінде (Өзен, Жетібай) құрамында парафин қамтитын жаңа мұнай көздерінің ашылуы – оны өндіру, тасымалдау мен өңдеу бойынша ғылым алдында жаңа міндеттерді талап етті. 70-шы жылдардың басында Бұзашы (Қаражанбас, Қаламқас, Солтүстік Бұзашы) түбегінде мұнайдың жаңа көздері ашылды. Олардың құрамында асфальтты-смодалы заттар, металдар, әсіресе ванадий мен никель көп болатын. Ол мұнайды өндіру, тасымалдау мен өңдеу үшін мүлдем жаңа техникалық шаралар мен шешімдер қажет болды. 80-ші жылдардағы Қарашығанақ, Жаңажол, Теңгізде пайда болған тұз астындағы мұнай жақсы, белгісіз қасиеттерімен дүниежүзілік мұнайшыларды қызықтырды.

Ұлы Отан Соғысына дейін мұнай жұмыстары ескі мұнай өндіретін аудандарды қамтыды. Сол себепке байланысты Байшонас, Оңтүстік Іскіне, Қосшағыл, Құлсары, Сағыз және Мақатта мұнай орындары ашылды.

1943 жылы Гурьев (Атырау) қаласында мұнай өңдейтін зауытты жобалау және сол жылы салу туралы шешім қабылданды.

Соғыс жылдарынан кейін кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізіліп, үлкен көлемді бұрғылау басталды. Аз уақыт ішінде негізгі ғылымдық геологиялық зерттеулер туралы көлемді жұмыс материалы қорытыланды.

Келесі үлкен мұнайлы аудан Маңғыстау шығанағы болып табылады. Бұл жерде 1899-1901жж әскери топограф Г.А.Насибьянц бірінші болып Таспас жерінде мұнай белгілері туралы айтты. Сол уақытқа дейінгі белгілі мәліметтерді академик Н.И.Андрусов 1915 жылы басып шығарған «Маңғышлақ» монографиясында жазған болатын. 1911 жылы Н.И.Андрусов, М.В.Болярус мұнай белгілері бар екінші аудан Төбешікті тауып, оған сипаттама береді.

1967 жылдың қаңтарында ірі мұнай кен орны Жетібай сынаққа алынды. Артынша оңтүстік Маңғышлақта тағы 10 ірі антиклиналық құрылымдар табылды: Тарлы, Көкімбай, Қуанды, Ералы, Ақбұлақ және т.б.

Біздің ойымызша, белгілі мұнай кенорындары (олар 160-тан асады) үлкен Қазақстандық мұнай эпопеясының шағын увертюрасы болып табылады. Алдыда республиканың барлық аудандарында жаңа мұнай бассейндерін табу, Каспий, Арал теңіздерінде, тереңдікте мұнай мен газ кен орындарын, көмір кабаттарында битуминозды тақтатас пен сазбалшықта мұнай мен газ кен орындарын тауып ашу жоспарланып отыр. Жоғарыда айтылғанның барлығы 21 ғасыр Қазақстандық мұнай мен газ ғасыры болмақ деп санауға негіз береді [1].

1 Әдеби шолу

1.1 Майлар. Олардың құрамы және оларға қойылатын талаптары

Техниканың барлық салаларында қолданылатын майлайтын майлар тағайындалуына қарай келесі негізгі қызмет атқарылады: қажалушы заттардың қажалу коэффициентін азайтады, тозу жылдамдығын баяулатады, металды коррозиядан қорғайды, қажалатын бөлшектерді салқындатады, біріккен бөлшектердің тесіктерін бекітеді, қажалатын заттарды тозу салдарынан пайда болған өнімдерден тазартады. Майланбайтын майлар гидравликалық берулерде жұмыс сұйықтықтарда, трансформаторларда, конденсаторларда, кабель мен ажыратқыштарда оңашалаушы орта қызметтерін атқарады, май (смазка) өндірісінде қолданылады.

Тауарлық ассортиментте майдың 400 түрі белгілі, бірақ олардың шектеулі саны ғана кең таралған. Шикізат көздері бойынша олар келесідей болып бөлінеді:

- дистилляттік – мазутты вакуумды айырудың сәйкес келген май фракцияларынан алынады;
- қалдықтық – мазутты вакуумды айыру қалдықтарынан, яғни гудроннан алынады;
- компаундирленген – дистилляттік және қалдықтық компоненттерді араластырудан пайда болады;
- қоюлатылған – негіз майға полимерлі присадкаларды енгізу арқылы алынады (май маркаларында «3» индексімен белгіленеді).

Тазарту әдісі бойынша қышқыл-сілтілі, қышқыл-жанасқан, селективті және адсорбционды тазарту және гидротазарту (немесе гидрокрекинг) майлары белгілі. Майлардың басым бөлігін селективті тазарту және депарафинизация үрдістерін пайдалану арқылы өндіріледі.

Майлағыш майлар сапасының негізгі көрсеткіші болып келесілер табылады: тұтқырлық (жабысқақтық) пен оның температурасымен бірге өзгеруі (тұтқырлық-температуралық қасиеттері); суу температурасы; ауа оттегісімен тотығуға қарсы тұрақтылық (химиялық тұрақтылық); майлағыш қабілеті; қорғау және коррозияға қарсы қасиеттері. Сонымен қатар, майлардың түрлі топтарына, мысалы, майлағыш емес, тағайындалуына қарай арнайы талаптар қойылады.

Майлар келесі қасиеттерге ие болулары тиіс:

- қоршаған ауаның төмен температурасы жағдайында машиналар мен механизмдерді іске қосуды жеңілдету үшін, қажалатын бөлшектердің тозуын төмендету мен қажалу кезінде машиналар мен механизмдердің қуаттылығының жоғалуын төмендету үшін неғұрлым тұтқырлық пен тұтқырлық-температуралық қасиеттері;
- машиналар мен механизмдердің барлық жұмыс істеу режимдерінде сенімді майлауды қамтамасыз ету үшін жақсы майлағыш қасиеттері;

- майлау жүйесі мен ысыған металл беттерінің бөлініп (тілініп) шығуынның алдын алу мақсатында жуылғыш қасиеттері;
- жұмыс істеу барысында майлардың химиялық құрамының өзгеруіне жол бермейтін қышқылдануға қарсы тұратын қасиетке ие болуы тиіс;
- конструкциялық материалдарға, әсіресе, түрлі-түсті металдар мен қорытпаларға қатысты коррозияға қарсы тұру қасиеттері;
- машина мен механизмдердің тоқтап тұру кезінде атмосфералық коррозиядан металдарды сақтау үшін қанағаттандырарлық қорғаушы қасиеттері;
- төмен булану қабілеті аз көбік көпірту мен эмульсиялану қасиеттері.

Майлар тығыздығы төмен материалдарға кері ықпал етуі, биозақым тигізбеуі, қоршаған ортаны ластамауы, улы (токсичный) болмауы тиіс. Майлардың жабысқақтық пен жабысқақтық-температуралық қасиеттері олардың химиялық және фракциялық құрамына байланысты болып келеді. Майлардың қайнау температурасы өскен сайын олардың жабысқақтығы ұлғая бастайды. Қалдық майлар дисстиляттық майларға қарағанда неғұрлым жабысқақ болып келеді. Жай құрамды парафиндік майлардың жабысқақтығы анағұрлым болады. Тізбегінің бұтақталуына қарай олардың жабысқақтығы ұлғайып отырады. Циклдық көмірсутектер парафиндерге қарағанда жабысқақ болып келеді. Құрылымы бірдей болған жағдайда, нафтендердің жабысқақтығы арендерге қарағанда жоғары болады. Ең жоғары жабысқақтыққа смолалы-асфальтенді заттар ие. Майлардың бірден-бір маңызды сипаттамаларының бірі температураның өзгеруімен бірге жабысқақтықтарының өзгеруі болып табылады. Ол жабысқақтық коэффициенті (V_{50}/V_{100} қатынасы) мен жабысқақтық индексімен өлшенеді де, келесі формула арқылы есептеледі:

$$ИВ = \frac{L - U}{L - H} 100 + P \quad (1)$$

мұнда L мен H – эталонды майлардың 50 және 100°C бойынша (сәйкес келеді 0 және 100 жабысқақтық индексті) иеленген кинематикалық жабысқақтықтары;

U – 50 немесе 100°C кезіндегі сынақтағы майдың кинематикалық жабысқақтығы, (мм²/с);

P – түзету.

L, H және P арнайы кесте көмегімен есептеледі. Жабысқақтықтың температуралық сызығы неғұрлым көлбеу болса (жабысқақтық коэффициенті аз болса), ЖИ (ИВ) мағынасы соғұрлым жоғары болады да, май сапасы да жоғары болады (қазіргі майлардың ЖИ 90-нан кем болмауы тиіс). Жабысқақтық индексі ұю температурасымен қатар май жұмыс істей алатын температура аралықтарын анықтайды. Мысалы, барлық маусымдық майлар, қысқы немесе жаздық майларға қарағанда жоғары ЖИ иеленген. Жай құрылымды алкандардың ЖИ ең жоғары болып келеді.

Майларды қорғау және коррозияға қарсы қасиеттері олардың металл бетінен суды ығыстыру қасиетімен анықталады. Олар майлау материалы көлемінде суды ұстап тұрып, коррозиялық үрдістің алдын алатын

адсорбциондық және химсорбциондық қабат жасайды. Базалық мұнай майлары металдарды коррозиядан ұзақ уақыт бойы қорғай алмайды. Олардың қорғау қасиеттерін коррозия ингибиторларын енгізу арқылы жақсартады [4].

1.1.2 Майларды гидротазарту үрдісінің сипаттамасы

Үрдіс температурасы. Температураның жоғарылауымен гидридтеу реакциясының жылдамдығы ұлғаяды. Алайда, әдетте қолданатын қысым кезінде температураның 400 – 420°C жоғары өсуі тиофендер мен хинолин, бензохинолин және басқалары сияқты азоторганикалық қоспаларды гидридтеудің термодинамикалық тепе-теңдігімен тазарту деңгейін шектейді. Температураның өсуі гидротазартуға қарағанда неғұрлым жоғары пәрмендену қуатымен жүретін ($190-250\text{кДж/моль}^{-1}$) алюмокобальтмолибдендік катализатордағы гидрокрекинг жылдамдығын өсіреді. Сонымен қатар, полициклдық циклоалкандардың дегидридтеу өнімдері мен шексіз көмірсутектердің термодинамикалық мүмкін және қол жетерлік шығуы да өседі. Алғашқы шикізат сапасы мен тазартылған өнімнің талап етілетін сапасына қарай гидрокрекинг және дегидридтеу әдісі жіберілмеген жағдайда қолданылады.

Катализдік реформингте салынатын мұнайды тікелей айдаудың лигроин шикізатының кең таралған түрі үшін ең басты мақсат болып күкірт пен азоттан тазарту табылады, ал алкан мен циклоалкандардың шағын дегидридтеуі мен гидрокрекингі маңызды емес. Тазартудың неғұрлым жылдамдығын қамтамасыз ету үшін, ең жоғары 400-420°C температурасын пайдалануға болады. Авиациялық керосинді тазарту кезінде соңғыларды (нафталин) терең гидридтеуге болмайды. Әдетте сутегінің парциалды қысымын пайдаланғанда декалин мен тетралинді дегидридтеудегі 370°C-ден жоғары температура кезінде нафталиннің шығуы күрт ұлғаяды, сондықтан тазартуды 350-360°C температура кезінде өткізеді.

Дизель жанармайы ретінде пайдаланылатын фракцияларды 400-420°C дейінгі температурада тазартуға болады. Температураның ары қарай көтерілуі кезінде би және полициклдық алкандардың дегидридтенуі нәтижесінде цетандық сан азайып, гидрокрекинг реакциялары салдарынан сутегі шығыны көбейіп, гидрокрекинг өнімдері - бензин мен газдың шығуы өседі. Тазарту үрдісі температурасының төменгі шегі ауыр шикізат фракцияларының конденсациялану мүмкіндігімен анықталады; сұйықтық қабаты арқылы диффузия жылдамдығымен катализатор бетіне сутегіні тасымалдау жылдамдығының шектелуінен сұйық фазаның пайда болуын гидридтеу күрт тоқтатады.

Майларды гидротазарту кезінде тұрақсыз қоспаларда қамтылған күкірт пен азотты алып тастау, шексіз көмірсутектерді толығымен гидридтеу, конденсацияланған арендерді бөлшектеп толықтыру мен қышқылдықты азайту қажет. Бұл жағдайда төмен температурада пайдаланған жөн. Онда термодинамикалық тұрғыдан дегидридтеу, ал кинетикалық тұрғыдан гидрокрекинг мүмкін емес. Әбен тазартуды алмастыратын майлардың

гидротазартуы кезінде температура арақашықтығы 280-300°C кұрайды. Күкірт пен азот кұрамын азайту үшін және де полициклдық арендерді моноциклдық арендерге гидридтеу үшін катализдік крекингтің айналымдағы газойль мен вакуумды газойлды гидротазартудан өткізеді. Бұл крекинг кезінде кокстың шығуын азайтып, бензиннің шығуын ұлғайтады да, күкірт қамту бойынша талаптарға жауап беретін катализдік крекинг өнімдерін алуды қамтамасыз етеді. Жоғары температура арендердің гидридтелуінің мүмкін тереңдігін термодинамикалық шектейді, сол себептен 370-390°C жоғары температурада үрдісті жүгізу тиімсіз. Мұнай қалдықтары аз күкіртті қазак жанармайларын өндіру үшін гидротазартудан өтеді. Қалдықтарды гидротазартудан өткізу өте қиын, сондықтан тазарту орынды деңгейіне жету үшін жоғары температуралар (420-450°C) пайдаланылады. Гидротазартумен қатар гидрокрекинг те жүріп жатады. Гидротазарту кезіндегі реакциялар экзотермиялық болғанымен, күнделікті қажетті температураны қосу керек, себебі өнімнің реактордан шығу кезіндегі температурасы әдетте 10°C аспайды [2].

Үрдіс шикізаты. Шикізаттың ауырлауымен берілген жағдайдағы тазарту деңгейі төмендейді. Бұл келесі себептерге байланысты жүреді: фракцияның орта молекулярлық салмағының көтерілуімен тиофенді, бензо, дибензотиофенді және ұқсас гидридтеуге қатысты тұрақты құрылымдарда қамтылған күкірт ұлғаяды. Шикізаттың ауырлауына қарай (350°C жоғары айдалатын өнімдер үшін) оның басым бөлігі гидротазарту жағдайында сұйық фазада болады. Бұл, өз кезегінде, катализатор бетіне сутегінің тасымалдануын қиындатады. Сұйық фазалы гидротазарту кезінде катализатордағы сұйықтық қабатынан сутегі диффузиясының жылдамдығы төмендейді, себебі берілген жағдайда сутегінің еру қасиеті төмендеп, жабысқақтығы өседі. Гидридтеуге қатысты тұрақтылығы жоғары және катализаторда адсорбцияланатын асфальтендердің, смола мен полициклдық арендердің шикізаттағы құрамының өсуі де тазарту тереңдігін төмендетеді. Мысалы, вакуумды гудроннан 20% асфальтенді алып тастаса, күкірттен босау жылдамдығының константасы 4 есеге көбейеді.

Шайырлар, асфальтендер мен металорганикалық коспалар шоғырланған мұнайды өңдеу қалдықтарын гидротазарту қиынға соғады. Бұл жағдайда шикізат, сутегі мен катализатор арасындағы қатынас қиынға соқпақ. Катализатордағы тең бөлінбеушілік салдарынан мүмкін болған сутегінің жетіспеушілігі гидридтеу мен дегидридтеудің пәрменді орталықтарының кокстенуіне әкеледі. Бұл мәселені шешу үшін катализатордың қалқыған қабатында гидротазартуды қолданады. Шикізат пен сутегінің коспасын катализатор қабатынан төменнен (астынан) жоғарыға қарай катализатор «қайнаған күйге» жететіндей етіп жібереді. Фракциялық құрамы бірдей болған жағдайда екінші қайтара өнімдерді күкірттен тазарту (кокстеу, катализдік крекинг) күрделі өтеді. Бұл крекингке тап болған өнімдердің гидридтеуге келмейтін, тұрақты құрылымдардағы гетероатомдарды қамтумен байланысты болып келеді. Сонымен қатар, екінші қайтара өнімдер катализатордағы

адсорбциялануды иеленген, шексіз көмірсутектер мен арендерді көптеп қамтиды.

Тазартудың тереңдігін талап ететін шикізат сапасы мен үрдіс талаптарына орай шикізатты берудің көлемді жылдамдығы кең ауқымда өтеді - 0,5-тен) 10с дейін. Ауыр шикізат пен екінші қайтара шикізат үшін көлемді жылдамдық анағұрлым аз болады. Көлемді жылдамдықтың азаюы кезінде тазартылған өнімнің демергализация деңгейі ұлғаяды [2].

1.2 Майдың гидротазалаудың физика-химиялық қасиеттері

Майларды гидротазарту үрдісінің мақсаты – түс пен тұрақтылықты жақсарту, жабысқақтық индексінің бірқатар деңгейін көтеру, күкірт пен кокс қамтылуын айтарлықтай төмендету. Әдетте майларды таңдалған еріткіштермен тазартқаннан кейін барып гидротазартуға жібереді. Бұл жағдайда гидротазарту ағарту топырағымен тазартудың орнына қолданылады.

Гидротазарту – күкірт, азот, оттегі қамтушы қоспалардың гидридтелуі нәтижесінде мұнай өнімдерінен гетероатомдарды алып тастау үрдісі. Сонымен бірге диендер, алкендер және біраз деңгейде полициклдық арендер гидридтеліп, металоорганикалық қоспа түрінде қамтылған металдардың жойылуы жүріп отырады. Гидротазарту күкіртке тұрақты гидридтеуші катализаторлармен жүргізіледі. Фенол және фурфуролмен тазартылған дистиллятық рафинаттардан алынған майлар, сонымен қатар, фенолмен тазарту және пропанмен деасфальттаудан кейін қалдық фракциялардан депарафинденген майлар гидротазартуға келіп түседі.

Гидротазартылған майлар бір-бірін араластыру арқылы және присадкалар мен қоюландырғыштармен араластыру арқылы түрлі моторлық және өнеркәсіптік майларды жасауға пайдаланылады. Сонымен бірге, гидротазарту адсорбциялық тазарту әдісі арқылы алуға болмайтын турбиналық және трансформаторлық майларды алуға мүмкіндік береді.

Гидротазартудың жанама өнімдері күкіртсутегі, көмірсутек газдары және айдау (350°С-н төмен емес) болып табылады. Күкіртсутегі күкірт және күкірт қышқылын өндіруге жұмсалады, көмірсутек газдары қондырғыда тікелей жанармай ретінде қолданылады, айдау қазан жанармайларына жабысқақтығын төмендету үшін қосылады.


Майларды тазартудың отандық өнеркәсіптік қондырғысы параллельді келген лек жағдайында әрқайсысы жылына 120 мың тонна өнімділікке ие. Лектер бірдей және әртүрлі шикізаттарды өңдей алады. Лектердің әрқайсысы екі бөліктен тұрады:

- майларды тазарту мен катализатордың регенерациялану блогы;
- айналымдағы (циркуляциялық) газды күкірт сутегінен тазарту блогы

[13].

Мұнай өнімінде қамтылған қоспалар гидротазарту үрдісі кезінде келесі реакциялардан тұрады:

Күкіртсутегі мен сәйкес келген көміртегінің меркаптандары:



Сульфидтер меркаптандарды жасау кезеңі арқылы гидридтеледі:



Дисульфидтер күкіртсутегімен сәйкес келген көмірсутектеріне меркаптандардың пайда болу кезеңі арқылы гидридтеледі:




Тетрагидротиофендер сәйкес келген алифаттық көмірсутектердің жасалуымен гидридтеледі:



Сонымен қатар, тиофендер тетрагидротиофен сияқты өнімдер береді:



Бензол және дебензотиофендер сызба бойынша гидридтеледі:



Күкірт қамтушы дербес қоспалар гидротазарту жағдайында бірінші тәртіп реакциялары бойынша реакцияға түседі. Мұнай өнімдеріндегі күкірт

қамтушы қоспалардың гидридтелуі бірінші жақындасуда жеке қоспалардағы жылдамдық қатынасымен жүреді.

Күкірт қамтушы қоспалардың құрамына байланысты күкірттен босау жылдамдығының теңдігі $w=RS^n$ түрінде n тәртібі 2 кем де, аса да болуы мүмкін [2].

1.3 Үрдіс катализаторлары

Гидротазалаудың кең таралған катализаторы - молибденді алюмокобальт. Оның құрамында 2-4% СоО және 9-15% МоО₃ бар. Кобальт пен молибден қамтыған катализатор, тек молибден немесе тек кобальттан тұратын катализаторларға қарағанда неғұрлым белсенді болады.

Катализатор белсенділігі Со:Мо қатынасының өзгеруі кезінде $\approx 0.2:1$. Алюминий тотығындағы Со+Мо салмағының жалпы құрамы 8-13% құрайды, металдардың көп болуы катализатордың белсендігін өсірмейді.

Күкіртсутегі мен сутегімен реакция нәтижесінде тотықтар тотық түрінен сульфидтерге алмасып, бірқатар металдарға дейін қайта калпына келеді. Сонымен қатар, катализатордың гидридтеу белсенділігі артады. Егер де күкіртті аз шикізат өңделетін болса, катализаторды пайдаланбастан бұрын күкірттендіру қажет. Ол үшін 150-315°C температурасы кезінде 5-10% Н₂S қамтыған сутегімен өңдеу керек. Жұмыс істеу барысында катализатор 10-30% қамтығанға дейін кокстенеді. Кокстың басым бөлігі катализатордың жұмыс істеуінің алғашқы сағатында-ақ тұнады, артынша оның құрамы өзгермейді. Сутегінің парциалды қысымы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым кокстың «тепе-теңдігі» аз болады, сонымен қатар, ол металдардың тең бөлінуіне байланысты. Катализатордың салыстырмалы беті кокстену нәтижесінде 2-3 есе төмендеп, катализатордың белсенділігі азаймайды. Бұл гидридтеу реакциясына қатыспайтын катализатордың қышқыл орталықтарына кокстың тұнуымен түсіндіріледі. Бұл жағдайда катализатордың белсенділігі жедел арада азаяды.

Алюмокобальтмолибдендік катализаторлар түрлі уларға тұрақты болып келеді. Темір, жез, никель, хром, ванадий, мышьяк, қорғасын - металдардың қомақты тұнуы катализатордың белсенділігіне ықпал етпегенімен, оның регенерациясын күрделендіре түседі, сол себептен гидротазарту катализаторлары тікелей қондырғыда регенерацияға түспейді. Дистиляттық шикізатты өңдеу кезінде катализатордың шығуы 100 м³-ге 1 кг жуық құрайды. Егер де пайдаланылатын сутегі 0.05-0.1% сутегі тотығын қамтыса, жеңіл өнімдерді гидротазарту кезінде катализаторлардың белсенділігі төмендейді [2].

Азотоорганикалық қоспалар кобальттың біраз бөлігі никельмен алмастырылған катализаторларда жақсырақ гидридтеледі. Алюмокобальтмолибдендік катализаторлар 1:2:6-дан кобальт, никель, молибден металдарының атомдық қатынасындағы 10-15%-н қамтиды. Сонымен қатар, алюминий тотығындағы 3-6 % никель тотығын, 15-18% молибден тотығын (4) қамтитын алюмокобальтмолибдендік катализаторларға

карағанда белсенді. Алюмокобальтмолибдендік катализаторлар мен никельвольфрамдық (алюминий тотығындағы 19-20% вольфрам тотығы) катализаторларды қолданады. Гидротазарту катализаторларының салыстырмалы беті $160-330\text{ м}^2/\text{г}$ құрайды, орта радиусы 3-4 нм.

Ең жақсы катализаторларды $1,5 \times 3$ және одан да аз көлемді бөлшек сияқты экструзиямен әзірлейді. Олардың артықшылықтары ауыр мұнай өнімдерін өңдеу кезінде байқалады, себебі олардың белсенділігі таблеттенгендерден жоғары болып келеді.

Гидротазарту үрдісінде ванадий жеңіл алынады. Ал никельді алып тастау сәл күрделірек. Ванадий атомдары катализатордың сыртқы, ал никель атомдары ішкі тесіктерінде шоғырланады деген болжам бар.

Алюминий тотығындағы кобальтмолибдендік және никельмолибдендік катализаторлар, сонымен бірге аралас катализаторлар әдетте 2-3 жыл жұмыс істейді. Платформингті орнату арзан сутегінің көзіне айналғаннан кейін гидротазарту әдісі кеңінен тарала бастады.

Гидротазарту әдісінің экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруы шикізат бойынша жеке қондырғылардың өнімділігінің өсуімен байланысты болып келеді (1,2 млн.т/жылына). Сутегі қамтушы газдың айналым есесінің төмендеуі шикізатты берудің көлемінің өсуімен, алюмоникельмолибдендік катализаторға (оның құны алюмокобальтмолибдендік катализаторға карағанда 2-3 есе арзан) ауысумен байланысты. Сонымен қатар үлкен тиімді экономикалық эффектін катализаторды қайта енгізудің «каскадтық» тәсілі арқылы алуға болады.

АНМ гидридтеуші катализаторды шикізаттың барлық түріне сынаққа алу нәтижелері кестеде берілген (1). Көріп отырғанымыздай, гидротазарту нәтижесінде бұл катализаторда 340° температурасында және шикізатты берудің көлемді жылдамдығы 1 с^{-1} жағдайында күкірттен гидробосау деңгейі 91%-ға дейін көтеріледі, алынған гидрогенизаттардың жабысқақтық температуралық сипаттамасы және түсі жақсарады. Алайда, гидридтеу тереңдігінің өсуімен жабысқақтығы орта, жабысқақ және қалдық шикізатының темен температуралы қасиеттері нашарлайды. Олардың кату температурасы $5 - 8^\circ\text{C}$ көтеріледі.

Алюмокобальтмолибдендік (АКМ) катализаторда және катализатор композицияларында алынған негізгі майлардың жабысқақ және қалдық компоненттерінің сапа көрсеткіштері кестеде берілген [1 кесте].

Жабысқақ және қалдық майдың сапа көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Май фракциясы			
	жабысқақ		қалдық	
	АКМ	Композиция	АКМ	Композиция
100°C, мм ² /с жағдайындағы жабысқақтық	7,5	8,3	16,5	16,9
Жабысқақтық индексі	95	98	88	90
Қату температурасы, °C	-13	-23	-13	-16
Түс бірлігі ЦНТ	3,5	2	4,5	2,5
Күкірт қамтуы % (масс)	0,5	0,02	0,7	0,11

1.4 Майларды өндіру үшін гидрогенизация үрдістерін пайдалану

Гидрогенизациялық үрдістердің иінділігі мен әмбебаптылығы тек химия өнеркәсібіне арнайы шикізат алу үшін ғана емес, сонымен қатар, майларды өндіру кезінде де сипатты болып келеді. Май өндірісінде гидрогенизациялық үрдістер түрлене отырып жүреді. Депарафинденген майды жай жағдайларда гидротазарту кезінде хош иісті көмірсутектердің айналуы, гидрокрекинг жүрмейді, бірақ таза майлардың өндірілуі мен сапасы майлау майларының саз балшықпен тазарту арқылы өндірілген майларға қарағанда әлдеқайда жоғары болып келеді. Сол себептен майларды гидротазарту дүние жүзінің барлық елдерінде кең орын алған.

Қатаң жағдайларда селективті тазартудың орнына фракцияларды гидридтеу (әсіресе түрлі күкірт мұнайларын алу барысында) бірқатар жұмыстардың көрсетуінше, техникалық тұрғыдан іске асырыла алынады, бірақ қазіргі жағдайда экономикалық тұрғыдан өзін-өзі ақтаған жоқ. Тек арнайы жоғары индексті майларды алу кезінде бұл туралы сөз қозғауға болады. Бұл гидридтеудің селективті тазартуға қарағанда неғұрлым көп шығындарды талап етуімен түсіндіріледі. Шығындардың арасындағы айырмашылық шикізатта конденсацияланған хош иісті көмірсутектер көп шоғырланғанда және олардың сәйкес келген нафтендерге айналдыру үшін қатаң жағдайда гидридтеу қажет болғанда: неғұрлым жоғары қысым қолдану кезінде айқын байқалады. Неғұрлым жай режим кезінде майлардың жабысқақтық индексі сәл төмендеу болады. Сол себептен, селективті тазартуға қарағанда қазіргі кезде гидридтеудің май өндірісіндегі әдістердің бірі ретінде қолдануы біршама шектелген. Алайда бұл салада зерттеулер де жоқ емес, олардың көпшілігі шығындарды азайтуға септігін тигізетін катализаторды іздестіруге бағытталған (соның бірге жүйе ішінде қажетті қысымды төмендету арқылы).

Дамудың әлеуметті бағытының бірі болып қайнауы жоғарғы парафинді көмірсутектердің басымдылығы бар гидрокрекинг танылып жүр. Ондай үрдісті парафинді көмірсутектерді молынан қамтыған парафиндерді, гачтерді,

мұнай фракцияларын жоғары индексті май алу үшін өңдеу кезінде пайдалану орынды болмақ (мысалы, Маңғышлақ немесе Өзексуат мұнайлары) [28].

1.5 Майдың гидротазалаудың негізгі өндірістік қондырғысы

Жұмсақ гидротазарту жағдайында хош иісті көмірсутектердің айналуы, гидрокрекинг жүрмейді, ал майдың жабысқақтығы нашар болады. Неғұрлым қатаң жағдайда гидридтеу майлардың сапасын жақсартады, дегенмен, оның құнының тым жоғары болуы әзірше өндіріске енуіне кедергі болып отыр.

Майларды жай жағдайда гидротазарту. Кувейт және таяу шығыс мұнайларынан майларды жұмсақ гидридтеу «Галф» фирмасының зауыттарында кездеседі. 2,5-4% күкірт қамтыған шикізатты фурфуролмен экстракциялайды. Артынша рафинаттың кең фракциясы гидридтеуге, депарафинденуге, кең фракция мен үш май дистиллятына бөліну үшін вакуумдық қайта айдауға ұшырайды. Гидротазарту сазбалшықпен тазартуға қарағанда май дистилляттарын күкірттен бірден тазартады, сонысымен тиімдірек болып келеді. Алайда күкірторганикалық қоспалардың бөлінуінен шығатын күкірттің шикізатта көп болуынан гидротазарту кезінде жеңіл майлардың өнуі өседі. Жоғары күкіртті кувейт шикізатынан алынатын гидротазартылған майлардың жалпы өнімі 96-98%. Шығындардың басым бөлігін май блоктарының қуаттылығы жұмсайды. Май блогының қуатының 4 есе өсуімен (159-н 636 м³/тәулігіне) 1 м³ май өндірісінің құны екі есе төмендейді.

Қатаң жағдайларда майларды гидротазарту. Сутегінің парциалды қысымын көтеру, жақсартылған катализаторларға өту немесе технологиялық жүйенің өзгеруі, яғни гидридтеу үрдісінің қатаңдануы майлардың сапасын неғұрлым жақсартуға мүмкіндік жасайды. Қатаң жағдайларда гидридтеу кезінде хош иісті сақиналарды толық немесе жартылай тойындыруға болады. Азот, оттегі, күкірт құрамы нөлге дейін төмендейді.

Гидридтеуші катализаторға крекиндеуші пәрменділікті беру үрдіс бағытын өзгертіп, конденсатталған хош иісті көмірсутектерді сәйкес келген нафтендерге ауыстыруға мүмкіндік береді. Ары қарай жүретін таңдау крекингі хош иісті көмірсутектердің және нафтендік көмірсутектердің моноциклдық алкилнафтендерге ауысуға мүмкіндік береді. Өзгертілген катализатор жанында парафинді көмірсутектердің иондануы жүреді. Гидротазартудың мұндай үрдісін пайдалану май өндірісіндегі майларды таңдаулы еріткіштермен экстракциялауды қажет етпейді және де тауарлы майлардың өндірісін өсіреді.

Жеңіл фракцияларды алып тастау үшін оларды гидротазартудан өткізетін болған. Бұдан кейінгі майлардың сапасы қазіргі кездегі селективті еріткіштер арқылы алынған майлардың сапасына қарағанда әлдеқайда жоғары болған. Алайда көрсетілген сапаның жақсаруы қосымша капитал салынымдары мен шығындарды талап етеді. Майларды гидротазарту қондырғыларына салынған капитал көлемінің өсуі үрдістің неғұрлым қатаң

талаптарының салдары болып табылады, ал неғұрлым жоғары шығындар сутегінің шығынының өсуінен туындайды.

Төменде Кувейт мұнайынан алынған майларды гидротазарту туралы мәліметтер келтірілген [5].

2 кесте

Кувейт мұнайынан алынған майларды гидротазарту туралы мәліметтер

Атауы	Шикізат	Гидротазарту режимі	
		Жұмсақ	Қатты
Гидротазарту шикізатына шығатын май, көлем, % депарафинденбеген		93,8	83,2
Депарафинденген	-	71,6	65,6
Депарафинденген майдың қасиеттері d^{20}_4	0,9309	08702	08483
V_{TM} , ССТ	-	76	34,5
V_{100} , ССТ	43,3	9,7	6,0
ЖИ	-	113	130
Ашық тигльдегі тұтану температурасы °С	321	210	204
Қатаю температурасы, °С	49	-20,5	-20,5
Күкірт, салм., %	2,89	<0,05	<0,05
Кокстену, салм., %	1,54	0,04	0,04
Иод саны, 1 ООг I ₂ мг	13,4	5,0	2,5
Фракциялық құрам, °			
10%	536	363	361
30%	551	451	417
50%	-	507	469
70%	-	547	517
90%	-	593,5	573,5

1.5.1 Жұқа гидротазарту

Үрдістің тағайындалуы. Тазартылған майлар және арнайы майларды өндіру.

Шикізат. Селективті немесе гидротазартудан кейінгі депарафинденген май дистилляттары немесе ұршықтан бастап машина майына дейін және брайсток арақашықтығындағы шикі вакуумды дистилляттар.

Өнімдер. Тазартылған майлау майлары (негізгі немесе аралық) және түсі тұрақты, ыстыққа және тотығуға тұрақты майлар.

Үрдісті бейнелеу. Қоспадағы шикізат жаңа және айналымдағы сутегімен шамалы температура мен қысым жағдайында жылжымайтын катализатор қабатынан өтеді. Тазартылған май реакцияға түспеген сутегінен ажыратылады да, соңғысын қайтадан үрдіске қосады. Соңғы өнімнің шығуы өте жоғары. Жұқа гидротазарту үрдісінде жұмыс қысымы – 2,5 тен 8 МПа. Ондай үлкен ара қашықтық үрдістің май шикізаты мен өнім сапасына деген жоғары тиімділігін білдіреді. Майдың түсі мен термотұрақтылығы тазарту қатаңдығына байланысты болып келеді. Сутегінің тұтынылуы шикізат табиғатына және өнімнің берілген сапсына байланысты болып келеді.

Қуат шығындары (таяу шығыс шикізатына сипатты болып келеді)
шикізаттың 1 м³-е:

- электрқуатына- 15 кВтсағ;
- орта қысым буы пар - 25 кг;
- төмен қысым буы - 45 кг;
- сұйық жанармай - 3 кг;
- салқындатушы -10.

Өнеркәсіптік қондырғылар. Әр түрлі мемлекеттерде қондырғылардың сан алуан түрі жұмыс істейді, онда Uhde Edeleanu технологиясы қолданылады. Ондай қондырғылардың соңғысы Түркіменстандағы МӨЗ-ң май блогының құрамына кіреді [8].

1.5.2 Майларды гидротазарту (Hybrid)

Үрдістің тағайындалуы – экстракциямен бір сатылы гидрогенизациялық өңдеудің тіркесі арқылы негізгі майларды өндіреді. Атаулы үрдіс майларды экстракциялық тазарту қондырғыларының тар жерлерін жоюға немесе жаңалауға ыңғайлы, 60 пайызға дейін қондырғылардың қуаттылығын өсіру мүмкіндігін жасайды. Shell фирмасы экстракциялық тазарту лицензияларын сатады.

Шикізат. Экстракциялық тазартуға келетін түрлі фракциялар. Жай экстракцияға қарағанда өнім шығуы мен қондырғының өнімділігі анағұрлым сезімтал.

Үрдісті сипаттау. Екі бөлек блок пайдаланылады: экстракция және бір сатылы гидрогенизациялық өңдеу. Жеке парафиндік дистилляттар не жұмсақ экстракцияға түсіп, артынша гидрогенизациялық өңделеді, не жай қатаңдық режимінде экстракцияланады. Деасфальтизат не жұмсақ экстракцияға түсіп, артынша гидрогенизациялық өңделеді, не тек гидрогенизациялық өңдеуден өтеді. Атаулы екі варианттардың таңдалуы шикізат сапасына және қондырғы мақсаттарының кеңеюіне (капитал салынымдарының азаюы немесе қондырғы қуатының өсуі) байланысты болып келеді, Shell үрдісі пайдаланбаған кезде май блогындағы тар жерлерді жою үшін жаңа екі гидротазарту қондырғысын орнату қажет: гидротазарту және депарафиндеудің қосымша қондырғысы. Әдетте вакуумды айдау, деасфальтизация, экстракция қондырғысын құру қажет емес. Алайда істегі вакуумды айдау және экстракция қондырғыларына бірқатар өзгешеліктер енгізу қажет.

Шығу негізгі май маркасы мен шикізат қасиетіне байланысты. Hybrid үрдісі анағұрлым боялған, конрадсону бойынша экстракцияланудағы баламаларына қарағанда кокстенуі де аз, қолдану барысында неғұрлым тиімді эффект береді. Сонымен қатар, гидрогенизациялық блокта жанама түрде алынатын күркірті аз, тез қатпайтын газойлдар ерекше қолданылуы мүмкін, ал қарқындылығы аз жанама өнімдердің шығуы айтарлықтай төмен [33].

Экономикалық көрсеткіштер. Төменде берілген кестеде екі проектордың көрсеткіштері берілген: экстракция қондырғысының 300 мыңнан 500 мыңға дейін т/жылына кеңейту және жаңа экстракция қондырғысы

3 кесте
Проектордың көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Экстракцияның жаңа қондырғысы 200 мың т/жылына	300 мыңнан 500 мыңға дейін т/жылына кеңейту
Капитал салынумен байланысты баптар	Соммадан 36 %	Экстракцияның жаңа қондырғысы сомасынан 24- 36%
Тұрақты шығындар	Сомадан 20%	Экстракцияның жаңа қондырғысы сомасынан 7-9%
Ауыспалы шығындар	Сомадан 8%	Экстракцияның жаңа қондырғысы сомасынан 8%
Көмірсутекке шыққан шығындар	Сомадан 36%	Экстракцияның жаңа қондырғысы сомасынан 11%
Сомалық шығындар	100%	Экстракцияның жаңа қондырғысы сомасынан 50-64%

Өндірістік қондырғылар. Үрдіс 1980ж. бастап Геелонг қаласындағы Shell МӨЗ қолданып келеді, Pertamina (Индонезия) фирмасы бұл үрдісті Силакап қаласындағы өздерінің МӨЗ тар орындарды жою үшін қолданған болатын, қондырғыны 1998 жылдың екінші жартысында іске табысты қосты [8].

2 Технологиялық бөлім

2.1 Материалдық баланс есебі

Берілгендер:

- шикізат бойынша қондырғының өнімділігі: $G=227852$ т/г.

- шикізат сипаттамасы: фракциялық құрамы $400-450^{\circ}\text{C}$: тығыздығы $\rho_4^{20} = 0,892$ кг/м³; күкірт қамтуы $80=0,08$ % (масс), соның ішінде меркаптандық $S_M=0,0033$ % (масс), сульфидтік $S_c=0,026$ % (масс), дисульфидтік $8_d=0,02$ % (масс) и тиофендік $S_T=0,07$ % (масс); шексіз көмірсутектердің қамтылуы 10 % (масс) шикізатта.

- тазартылған май дистиллятындағы қалдық күкірт: $S_K < 0,008$ % (масс), яғни гидрокүкіртсіздендіру деңгейі мен тереңдігі 90 %. болуы тиіс

- гидротазарту алюмоникельмолибдендік катализаторда жүреді, қысымы $P=4$ Мпа, сутегі қамтушы газдың шикізатқа деген айналым есесі $X=400$ нм³/м³.

- үрдістің кинетикалық константалары: $R_0=4,62 \cdot 10^6$, $E=67040$ кДж/моль. $n=2$.

Шешімі. Гидротазартуға жұмсалатын сутегі шығыны.

Күкірт органикалық қоспалардың гидrogenoлизіне жұмсалатын сутегі шығынынан мына формула арқылы табуға болады:

$$G_1 = m \cdot \Delta S \quad (10)$$

мұнда $G_1 = 100$ %- ы сутегінің шығыны, (масс) шикізатқа;

ΔS - гидротазарту кезінде алынатын күкірт мөлшері, % (масс) шикізатқа: m - күкірт қоспаларының сипатына тәуелді коэффициент.

